



Электрондық тендерлік құжаттама
980355 Элеватор ЭПШ-20 сатып алу бойынша

«Ашық төмендеу тендері» тәсілімен

Тапсырыс беруші **Өзенмұнайгаз АҚ**

Ұйымдастырушы **Өзенмұнайгаз АҚ**

Мекенжайы: ҚАЗАҚСТАН Маңғыстау облысы, Жаңаөзен Қ.Ә., Жаңаөзен қ. к. ул. Сатпаева, ү. дом 3, 402

Телефон +7 (729) 346-3402, по техническим вопросам 8/72934/65168

Электрондық пошта **g.baizhanova@omg.kmg.kz**

Банк деректемелері: Өзенмұнайгаз АҚ, БСН 120240020997, ЖСК KZ766010351000157065, Кбе 17, валюта KZT, АО “Народный Банк Казахстана”, БСК HSBKZKX

«Ашық төмендеу тендері» тәсілімен осы электрондық сатып алу <http://zakup.sk.kz> веб-порталында электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі арқылы жүргізіледі.

Жариялануы тиісті ақпарат орналастырылған веб-сайттың электронды мекенжайы <https://zakup.sk.kz>.

Сатып алынатын ТЖҚ тізімі:

Лот №	Сатып алынатын ТЖҚ атауы	Жеткізілетін тауарлардың, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сипаттамалары	Саны, көлемі	Бірлік бағасы	Өлшем бірлігі	ҚҚС қоспағандағы сома	Жеткізу орны	Жеткізу мерзімі	Өтінішті қамсыздандырудың сомасы
№ 1 (248-2 Т, 3595012)	Элеватор	ұйғымаларды жөндеген кездегі түсіру-көтеру операциялары процесіндегі сорғы қарнақтарды қармауға, ұстауға арналған, қарнақты	60.000	135 000	Дана	8 100 000	ҚАЗАҚСТАН Маңғыстау облысы, Жаңаөзен Қ.Ә., Жаңаөзен қ. АО «Озенмұнайгаз», г. Жаңаөзен, ст. Узень, УПТО и КО, код получателя 3118, Казахстан ТемирЖолы, код станции 663908	Келісім-шартқа қол қойылған күннен бастап 60 күнтізбелік күндер	81 000

Сатып алу басымдығы: Қордың тауар өндірушілері арасында

Тендерлік өтініштің қолданылу мерзімі кемінде 60 күнтізбелік күнді құрауы керек. Тендерге қатысу өтінішін қамсыздандырудың қолданылу мерзімінің өтуі тендерлік өтінішті ұсынудың соңғы мерзімі күнінен бастап есептеледі.





1. Жалпы ережелер

1.1. Тендерлік құжаттама «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алу қызметін басқару тәртібіне (бұдан әрі - Тәртіп) сәйкес әзірленді.

Осы тендерлік құжаттамада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

Жүйе - «Самұрық-Қазына» ҰӨҚ» АҚ электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі (zakup.sk.kz);

Электрондық құжат - электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған ақпарат және Жүйеде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

Электрондық көшірме - түпнұсқа құжаттың (нотариаттық куәландырған көшірме) мазмұнын электрондық-цифрлық нысанда толығымен көрсететін, Жүйеде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған құжат;

ЭЦҚ - электрондық-цифрлық қолтаңба, электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терілі;

Тапсырыс беруші - Қор немесе Қордың ұйымы;

Сатып алуды ұйымдастырушы - тапсырыс берушінің лауазымды тұлғасы немесе құрылымдық бөлімшесі не сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындауға жауапты болып белгіленген заңды тұлға;

Әлеуетті өнім беруші - сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер консорциум, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, егер Қазақстан Республикасының заңдарында олар үшін өзгеше белгіленбесе);

Қордың бірінші деңгейдегі еншілес ұйымы (ПК) - дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан артық пайызын меншік немесе сенімгерлік басқару құқығы негізінде Қор тікелей иеленетін Қордың бірінші деңгейдегі еншілес ұйымы;

1.2 Тендер құжаттаманы <https://zakup.sk.kz> веб-порталында электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі арқылы алуға болады.

2. Тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру және кездесу өткізу шарттары

2.1. Әлеуетті жеткізуші өтініштерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы жүйеде сұраныс беру арқылы жүгінуге құқылы.

2.2. Тапсырыс беруші/ұйымдастырушы сұраныс келіп түскен күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей оған жүйеде жауап беруге міндетті.

Лот № 1 (248-2 Т, 3595012)

3. Сатып алынатын ТЖҚ сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

3.1. Сатып алынатын ТЖҚ сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық, пайдалану сипаттамалары техникалық сипаттамада көрсетілген.

Әлеуетті жеткізушіге қойылатын талаптар:

3.2. Рұқсат (лицензия) беру туралы талаптар

3.2.1 Талаптар қарастырылмаған.

3.3. Өндірушінің (ресми өкілдің) маркасы/моделі, өндірушінің атауы, тауардың шығарылған елі және байланыс деректері туралы мәліметтерді ұсынуға қойылатын талаптар

3.3.1 Өндірушінің атауы, тауарды шығарған ел, маркасы/моделі және өндірушінің (ресми өкілдің) байланыс деректері бойынша мәліметтерді ұсыну туралы талап көзделмеген

3.4. Әлеуетті жеткізушілердің сатып алынатын тауарлардың үлгілерін тапсыруы туралы талап





980355

3.4.1 Талаптар қарастырылмаған.

3.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген өзге де талаптар

3.5.1 Талаптар қарастырылмаған.

3.6. Сатып алу санаттық стратегиясында айқындалған әлеуетті өнім берушілердің біліктілігіне қойылатын талаптар

3.6.1. Талаптар қарастырылмаған.

3.7. Әлеуетті өнім берушінің барлық ұйымдастырушылары (қатысушылары), акционерлері және бенефициарлық иелері туралы ақпаратты ашу туралы талап

3.7.1 Әлеуетті өнім беруші барлық ұйымдастырушылары (қатысушылары), акционерлері және бенефициарлық иелері туралы ақпаратты ашуға немесе сатып алу веб-порталында айқындалған нысан бойынша осы мәліметтерді ашудан бас тарту себептері туралы ақпаратты электрондық түрде беруге тиіс.


4. Тендерге қатысуға өтініштер беру

- 4.1 Ашық тендерге қатысу өтініші (бұдан әрі – өтініш) әлеуетті жеткізушінің пайдаланушысы жүйеде дайындайды және оның электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылады.
- 4.2 Әлеуетті жеткізушінің электрондық сатып алуға қатысуға берген өтініші жүйеде жарияланған сатып алу туралы хабарландыруда көрсетілген соңғы күн мен уақытқа дейінгі мерзімде жүйеде автоматты түрде тіркеледі.
- 4.3 Электрондық сатып алуға қатысуға өтінішті қабылдауды немесе қабылдаудан бас тартуды растау ретінде электрондық сатып алуға қатысуға өтініш берген әлеуетті жеткізушіге жүйе автоматты түрде хабар береді.
- 4.4 Әлеуетті жеткізуші оның Ашық төмендеу тендері тәсілімен сатып алуға қатысуына байланысты барлық шығындарын өзі төлейді. Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы (тендерлік комиссия, сараптау комиссиясы, сарапшы) Ашық төмендеу тендері тәсілімен сатып алу қорытындыларына қарамастан, осы шығыстарды өтеу жөніндегі міндеттемелер алмайды.

5. Тендерге қатысуға өтініштерінің мазмұны

5.1. Сатып алуға қатысуға өтініште келесілер қамтылады:

- 1) электрондық құжат нысанында сатып алуға қатысуға әлеуетті жеткізуші толтырған және қолтаңбасын қойған өтініш;
 - 2) Тендерлік өтінімдерді ашу күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген әлеуетті өнім берушінің, әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысы мен құрылтайшылары (қатысушылары) мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді қамтитын құжат (құжаттар).
Электрондық құжат немесе электрондық көшірме нысанында ұсынылады.
Консорциум қатысқан жағдайда консорциумға кіретін әрбір заңды тұлға бойынша көрсетілген мәліметтерді қамтитын құжаттар, консорциумға кіретін әрбір заңды тұлғаның уәкілетті тұлғасының консорциум туралы келісімге қол қою құқығын растайтын құжат, сондай-ақ консорциум туралы келісім ұсынылады.
Консорциум әлеуетті өнім берушінің құрылтайшылары (қатысушылары) туралы мәліметтерді қамтитын құжат ретінде қатысқан жағдайда, оның ішінде консорциумға кіретін әрбір заңды тұлғаның жарғылары ұсынылуы мүмкін.
Жеке кәсіпкерлікті заңды тұлғаны құрмай жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін осы тармақта көрсетілген құжат ретінде әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік тіркеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген мәліметтерді қамтитын құжат ұсынылады.
Акционерлік қоғамдар үшін әлеуетті өнім берушінің құрылтайшылары (қатысушылары) туралы мәліметтерді қамтитын құжат ретінде ашу күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын уақытта берілген акцияларды ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірме де ұсынылуы мүмкін.
Осы тармақта көзделген құжатты (құжаттарды) беру мерзіміне қойылатын талап Қазақстан Республикасының резиденті емес- әлеуетті өнім берушілерге қолданылмайды.
- 3 Әлеуетті өнім берушінің Жүйеде қалыптастырылған электрондық құжат нысанындағы техникалық ерекшелігін (техникалық тапсырмасын). Бұл ретте техникалық ерекшелікке тендерлік құжаттамада





980355

белгіленген талаптарға сәйкес келетін электрондық құжаттар және/немесе электрондық көшірме түріндегі құжаттар қоса берілуі және/немесе электрондық көшірме түріндегі құжаттар қосымша ұсынылуы мүмкін. 4) Электрондық сатып алуға қатысуға өтінішін қамсыздандырудың төленгенін растайтын, тендерлік құжаттамада жазылған төлеу шарттарына, мазмұнына және түріне немесе электрондық банктік кепілдікке сәйкес келетін құжаттың электрондық көшірмесі, бұл жағдайда электрондық сатып алуға қатысу өтінішін қамтамасыз ету сомасы тендерлік құжаттамада белгіленген мөлшерден төмен болмауы керек;

5) Өтінімге бағалау және салыстыру критерийлерінің қолданылуын растайтын құжаттар (егер әлеуетті өнім беруші бағаның шартты төмендеуіне әсер ететін критерийлерді қолдануға үміткер болған жағдайда). Электрондық құжат немесе электрондық көшірме түрінде ұсынылады. "Әлеуетті өнім беруші жеткізуге ұсынылатын тауардың тауар өндірушісі болып табылады" критерийі бойынша құжаттар ұсынылмайды. "Әлеуетті өнім берушіде сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер және біртекті сатып алынатын тауарлар бойынша Қордың және/немесе Қор ұйымдарының сатып алуларында жұмыс тәжірибесінің болуы" критерийі бойынша құжаттар жүйенің шарттарының дерекқорынан ақпарат түрінде ұсынылады.

Әлеуетті өнім беруші бағаның шартты төмендеуіне әсер ететін өлшемшарттарды растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, тендерлік комиссия мұндай әлеуетті өнім берушіге шартты жеңілдікті қолданбайды.

Бағаның шартты төмендеуіне әсер ететін өлшемшарттарды растайтын құжаттарды ұсынбау мұндай өтінімді қабылдамау үшін негіз болып табылмайды.

6) Әлеуетті жеткізуші қол қойған электрондық құжат нысанындағы баға ұсынысы;

Екі кезеңдік тендер тәсілімен сатып алуды өткізу кезінде баға ұсынысы сатып алуды өткізудің екінші кезеңінде ұсынылады.

7) Әлеуетті өнім берушінің Қордың сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне әлеуетті өнім берушіні енгізу шарттарымен танысуы туралы мәліметтер;

8) Әлеуетті жеткізушінің жарғысына сәйкес әлеуетті жеткізушінің атынан сенімхатсыз әрекет етуге құқығы бар әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысын қоспағанда, жүйеде қалыптастырылған және әлеуетті жеткізушінің мүдделерін білдіретін тұлғаға (тұлғаларға) тендерге қатысуға өтінімде қамтылған өтінімге және құжаттарға қол қою құқығына берілген электрондық сенімхат. Бұл жағдайда Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын әлеуетті жеткізуші осы тармақшада көзделген құжатты электрондық нысанында ұсынады.

9) Әлеуетті өнім берушінің тендерлік бағалардың шартты бағалары тең болған кезде қолданылатын сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болуын растайтын құжаттар әлеуетті жеткізушілердің ұсыныстары. Жұмыс тәжірибесі жеткізілген тауарларды, орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді және шот-фактураларды (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қағаз жеткізгіште шот-фактураны жазып беру кезінде) қабылдау-беруді растайтын жүкқұжаттардың, тиісті актілердің немесе электрондық шоттардың электрондық көшірмелерімен расталады-текстурасы.

Егер Жаңа объектілерді салу, сондай-ақ қолданыстағы объектілерді кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, реконструкциялау, реставрациялау және күрделі жөндеу тендердің нысанасы болып табылған жағдайда, жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау және объектілерді пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері болып табылады Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамаға сәйкес. Бір жылдан астам мерзімі бар шарттар бойынша жұмыс тәжірибесін есептеу кезінде орындалған жұмыстарды қабылдау актісіне және объектіні пайдалануға қабылдау актісіне сәйкес құрылыстың барлық кезеңі ескеріледі.

Консорциум қатысқан жағдайда жұмыс тәжірибесін есептеу кезінде консорциумның қатысушыларының консорциалдық келісімінде айқындалған бас қатысушысының жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

Көрсетілген құжаттарды ұсынбау тендерлік өтінімді қабылдамау үшін негіз болып табылмайды.

11) Барлық ұйымдастырушылары (қатысушылары), акционерлері және бенефициарлық иелері туралы ақпаратты ашу туралы талап.


12) Әлеуетті өнім берушінің - тауар өндірушінің бірінші басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға қол қойған ЭЦҚ өтініш (декларация). Өтініште (декларацияда) өнім беруші шартты орындау шеңберінде өндірісін ұйымдастырып, жүзеге асыруға және жеткізуге міндеттенген Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкес келетін тауардың атауы мен сипаттамасы қамтылуға тиіс. Егер әлеуетті өнім беруші сатып алынатын тауар бойынша ҚТӨ тізілімінде тұрмаса, тауар өндірушілері арасында біртекті тауарларды сатып алуға қатысқан кезде тауар өндіруші ұсынады.

5.2. Сатып алуға қатысуға Қордың /мүгедектер ұйымдарының тауар өндірушілері тізілімінде тұрған тауар өндірушілерге, сондай-ақ, сатып алынатын тауарлармен біртектес тауарларды өндіретін тауар өндірушілерге Тәртіпке № 6 қосымшаның 18-тармағында көрсетілген өтініш (декларация) негізінде рұқсат етіледі.

Әлеуетті өнім берушілердің осы талапқа сәйкестігі Қордың веб-сайтында жарияланған тиісті Тізілімдерде орналастырылған ақпарат негізінде айқындалады.

5.3. Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын әлеуетті жеткізуші осы тармақта қарастырылған Қазақстан Республикасының резиденттері сияқты құжаттарды не ұқсас мәліметтерді қамтитын құжаттарды ұсынады.

5.4. Осы тендерлік құжаттаманың 5.1-тармағының 2) тармақшасында көзделген құжаттар Қордың алдын ала біліктілік іріктеуінің ақпараттық жүйесінен білікті әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға өтінімінің құрамына автоматты түрде енгізіледі.





5.5. Тендерлік өтінішті қалыптастыру барысында жүйемен қалыптастырылатын құжаттарды қоспағанда, осы тендерлік құжаттаманың 5.1-тармағында санамаланған құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерінің электрондық көшірмелерін тапсыруға рұқсат етіледі.

5.6. Тендерлік өтінімді қалыптастыру кезінде әлеуетті өнім беруші сатып алу веб-порталының тиісті жолдарына (бөлімдеріне) осы тендерлік құжаттамада айқындалған ақпарат пен құжаттарды енгізеді.

6. Тендер өтініштерін жасау және ұсыну тіліне қойылатын талаптар

6.1. Өтінім, сондай-ақ өтінімге қарасты барлық құжаттар мен мәліметтер, әлеуетті өнім берушінің таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілінде ұсынылады. Дегенмен, техникалық сипаттама, Жүйе автоматты түрде қалыптастыратын құжаттар және мәліметтер қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады.

Бұл ретте тендерлік құжаттамада қамтылған техникалық ерекшелік қосымшасы техникалық ерекшеліктегі қосымшаның тілінде ұсынылады.

Өтінімде бірінші абзацының талаптары ескеріле отырып, әлеуетті өнім берушінің таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармасы қоса берілген жағдайда басқа тілде жасалған құжаттар болуы мүмкін. Бұл жағдайда аударма басымдыққа ие болады.

7. Баға ұсынысының мазмұнына және валютасына қойылатын талаптар

7.1 Электрондық құжат нысанындағы баға ұсынысын әлеуетті жеткізушінің пайдаланушысы жүйеде қалыптастырады және оның ЭЦҚ-мен қол қояды;

7.2 Әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысында бірлік бағасы, сондай-ақ тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді тасымалдауға және сақтандыруға, кедендік баждарды, басқа да салықтарды, алымдарды төлеуге, сондай-ақ тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету шарттарында қарастырылған басқа да шығыстарды қоса алғанда, ҚҚС есепке алмағанда, олардың жалпы/қорытынды бағасы қамтылуға тиіс.

Тауарларды кешенді сатып алу немесе қызметтерді кешенді сатып алу немесе жұмыстарды кешенді сатып алу шартымен әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы ҚҚС-ты есепке алмағанда, әрбір лот бойынша бағаны көрсете отырып, лоттар жиынтығына біріктірілген барлық лоттарға ұсынылуға тиіс.

7.3 Әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысында тендерлік құжаттамада айқындалған Тапсырыс берушінің шарттарында ұсынылған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жалпы/қорытынды бағасына жеңілдік, сондай-ақ балама шарттарды ескере отырып ұсынылған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жалпы/қорытынды бағасына жеңілдік болуы мүмкін.

Әлеуетті жеткізуші Тапсырыс берушінің тендерлік құжаттамада айқындалған талаптарында жалпы/қорытынды бағаға жеңілдіктер және (немесе) балама шарттар кезінде жеңілдіктер ұсынған жағдайда, баға ұсынысында көрсетілген жеңілдіктерді ескере отырып, жалпы/қорытынды баға қамтылуы керек;

Ұзақ мерзімді сатып алуды жүзеге асыру кезінде баға ұсынысында осы тармақшада айқындалған тәртіппен жылдар бойынша бөлінген бағалар туралы ақпарат қамтылуға тиіс;

7.4 Электрондық сатып алуға қатысушының баға ұсынысы теңгемен көрсетілуі тиіс.

8. Тендерлік өтінішін енгізу шарттары, мазмұны және қамсыздандыру түрлері

8.1. Әлеуетті өнім беруші Тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді кепілдік ретінде енгізеді:

1) өтінімдерді ұсынуудың соңғы мерзімі өткеннен кейін өзінің тендерлік өтінімін кері қайтарып алмайды немесе өзгертпейді;

2) ол тендер жеңімпазы деп айқындалған жағдайда, Тапсырыс берушімен тендер қорытындыларының хаттамасында белгіленген мерзімде шарт жасасады және сатып алу талаптарында осындай қамтамасыз етуді енгізу көзделген жағдайда, сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізеді.


Сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің енгізілген сомасының тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестігін есептеу Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлемді аудару, банк кепілдігін беру немесе осы тендерлік құжаттамада айқындалған өзге де қамтамасыз ету күніне белгіленген бағамына сәйкес айқындалады.

8.2. Әлеуетті жеткізуші өтінімді қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін таңдауға құқылы:

1) Кепілдік ақшалай жарна түрінде болады, ол келесі деректемелер бойынша салынады: Өзенмұнайгаз АҚ, БСН 120240020997, ЖСК KZ766010351000157065, Кбе 17, банкте АО “Народный Банк Казахстана”, БСК HSBKKZKX.

Растаушы құжатта тендердің атауы және/немесе нөмірі, қамтамасыз ету сомасы, ұйымдастырушының және әлеуетті жеткізушінің атауы көрсетілуі керек.

2) Банк кепілдігі, соның ішінде электронды банк кепілдігі





Қағаз нұсқасындағы банк кепілдігінің түпнұсқасы сатып алуды ұйымдастырушыға тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзіміне дейін келесі мекенжай бойынша ұсынылады:
"Озенмунайгаз" Акционерлік Қоғамы РК, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Сәтпаев көшесі, 3 үй, 402 кабинет.

8.3. Өтінішті қамсыздандырудың қолданылу мерзімі тендерге қатысуға өтінімнің қолданылу мерзімінен кем болмауға тиіс.

Бұл ретте электрондық сатып алуға қатысуға өтініті қамсыздандырудың қолданылу мерзімінің өтуі тендерге қатысуға өтініштер ашылған күннен басталады.

Тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің тиынмен есептелген сомасы жуықталады. Бұл жағдайда елу тиыннан аз сома нөлге дейін жуықталады, ал елу тиынға тең және одан жоғары сома бір теңгеге дейін жуықталады.

8.4. Сатып алуға қатысуға өтінімді қамсыздандыруды енгізуді растауды қамтымайтын барлық өтінімдерді тендерлік комиссия тендерлік құжаттама талаптарына жауап бермейтіндей етіп кері қайтарады.

8.5 Тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді келесілер енгізбейді:

- 1) Қор және Қордың ұйымдары;
- 2) МҰ тізілімінде тұрған мүгедектер ұйымдары (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедектер - жеке тұлғалар);
- 3) білікті әлеуетті өнім берушілер арасында сатып алуға қатысу кезінде білікті әлеуетті өнім берушілер;
- 4) Сатып алынатын тауарды тауар өндірушілер (тәртіпке № 6 қосымшаның 18-тармағында көрсетілген өтініш (декларация) негізінде сатып алынатындарымен біртектес тауарларды тауар өндірушілер). Аталған тармақтың 1), 2) және 4) тармақшаларының ережелері консорциумдарға қатысты қолданылмайды.

8.6. Әлеуетті өнім беруші енгізген тендерлік өтінімді қамтамасыз ету мынадай жағдайлардың бірі басталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім берушіге қайтарылады:

- 1) аталған әлеуетті өнім беруші өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің тендерлік өтінімін кері қайтарып алған жағдайда;
- 2) тендер қорытындыларының хаттамасына қол қойған жағдайда. Аталған жағдай тендер жеңімпазына және тендер қорытындысы бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім берушіге қолданылмайды;
- 3) сатып алу туралы шарт күшіне енген және тендер жеңімпазы тендерлік құжаттамада көзделген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізген жағдайда;
- 4) сатып алу туралы шарт күшіне енген және тендер қорытындылары бойынша тәртіптің 43-бабы 5-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда айқындалған екінші орын алған әлеуетті өнім беруші тендерлік құжаттамада көзделген шарттың орындалуын қамтамасыз еткен жағдайда.
- 5) сатып алу туралы шарт күшіне енген (егер тендерлік құжаттамада шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу көзделмеген жағдайда);
- 6) сатып алуды жүзеге асырудың күші жойылған/одан бас тартылған жағдайда.

8.7. Әлеуетті өнім беруші енгізген тендерлік өтінімді қамтамасыз ету мынадай жағдайлардың бірі басталған кезде қайтарылмайды:

- 1) тендер жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарса;
- 2) тендер жеңімпазы сатып алу туралы шарт жасасып, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы тендерлік құжаттамада белгіленген талапты орындамаса не уақтылы орындамаса;
- 3) салыстыру және бағалау қорытындылары бойынша тәртіптің 43-бабы 5-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда айқындалған екінші орын алған әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарса немесе сатып алу туралы шарт жасаса отырып, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы тендерлік құжаттамада белгіленген талапты орындамаса немесе уақтылы орындамаса.

9. Тендерлік өтініштерді өзгерту және оларды кері қайтарып алу

9.1. Әлеуетті жеткізуші электрондық сатып алуға қатысуға өтінімдерді ұсыну мерзімінің аяқталуынан кешіктірместен:

- 1) Электрондық сатып алуға қатысуға енгізілген өтінімді өзгертуге және (немесе) толықтыру;
- 2) Өзі енгізген сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді қайтару құқығын жоғалтпай, электрондық сатып алуға қатысуға өзінің өтінімін кері қайтарып алуға құқылы.

Сатып алуға қатысуға өтінішті ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін электрондық сатып алуға қатысуға өтінімді қайтарып алуға жол берілмейді.

10. Тендерлік өтінімдерді ашу

10.1. Электрондық сатып алуға қатысуға өтініштер жүйеде ұсынылған өтінімдердің мазмұнын жариялау арқылы хабарландыруда көрсетілген күні және уақытта автоматты түрде ашылады.

Ашылған өтінімдерді (жүйеде қалыптастырылатын баға ұсыныстарын қоспағанда) қарау үшін қолжетімділік тендерлік комиссияның құрамына енгізілген пайдаланушыларға, тендерлік комиссияның хатшысына, сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға, байқаушыларға және Тапсырыс беруші тікелей немесе жанама түрде тиесілі портфельдік компанияларға беріледі.





980355

Аталған электрондық сатып алуға қатысқан әлеуетті жеткізушілерге көрсетілген қолжетімділік рұқсат беру хаттамасы (кемітуге арналған сауда-саттықты қолдана отырып ашық тендер өткізу кезінде) немесе қорытындылар хаттамасы (ашық тендер өткізу кезінде) жарияланғаннан кейін беріледі.

10.2. Электрондық сатып алуға қатысуға өтініш, сонымен қатар, электрондық тендерге (лотқа) электрондық сатып алуға (лотқа) қатысуға 1 (бір) өтініш тапсырылған жағдайда да ашылады және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестігі қаралады.

10.3. Әлеуетті жеткізушілердің электрондық сатып алуға қатысуға өтінімдерін ашу хаттамасы жүйеде автоматты түрде ресімделеді.

10.4. Егер ашу күні мен уақытына дейін тендерге қатысуға бірде-бір өтінім түспесе, ашық тендер тәсілімен сатып алу өткізілмеді деп танылады және жүйе сатып алу қорытындыларының хаттамасын қалыптастырады.

11. Тендерге қатысуға өтінімдерді қарау, бағалау және салыстыру тәртібі

11.1. Электрондық сатып алуға қатысуға өтінімдерді тендерлік комиссия өтінімдердің осы тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

11.2. Тендерлік комиссия электрондық сатып алуға қатысуға өтінімдер ашылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тендерлік өтінімдерді алдын ала қарауды жүзеге асырады. Күрделі техникалық сипаттамалары мен ерекшеліктері бар тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүргізу кезінде өтінімдерді тендерлік комиссия сарапшыны (сараптама комиссиясын) тарта отырып, тендерлік өтінімдер ашылған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

Әлеуетті өнім берушінің оны өндіру кезінде баламалы техникалық сипаттамаларды және (немесе) технологиялық шешімдерді ұсынуына байланысты лоттардың бір бөлігі немесе бір лот өнімді сынауға байланысты қосымша қарауды талап ететін тауарларды сатып алу жүргізілген жағдайда, осы лот (лоттар) бойынша өтінімдерді қарау мерзімі сынақтар нәтижелерін алғанға дейін қосымша ұзартылады, бірақ одан артық болмауы тиіс 20 (жиырма) жұмыс күніне қарағанда.

11.4. Тендерлік комиссия өтінімдерді қарау кезінде өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты сұратуға құқылы.

Сұрату жіберілген жағдайда өтінімдерді қарау мерзімі ақпарат алу мерзіміне мөлшерлес, бірақ 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге дейін қосымша ұзартылады.

11.5. Тендерлік комиссияда электрондық сатып алуға қатысуға өтінімдердің мазмұнына ескертулер болмаған жағдайда кемітуге арналған сауда-саттыққа рұқсат беру хаттамасы қалыптастырылады.

11.6. Тендерлік комиссияда электрондық сатып алуға қатысуға арналған өтінімдердің мазмұнына ескертулер болған жағдайда, тендерлік өтінімдерді алдын ала қарау рәсімінің қорытындылары бойынша анықталған сәйкессіздіктердің толық тізбесі көрсетіле отырып, алдын ала қарау хаттамасы қалыптастырылады.

Алдын ала қарау хаттамасына тендерлік комиссияның мүшелері және оның хатшысы қол қояды.


Алдын ала қарау хаттамасы тендерлік комиссияның мүшелері мен хатшысына, сатып алуды бақылау бойынша орталықтандырылған қызметке, Тапсырыс беруші тиесілі тікелей немесе жанама түрде жататын Байқаушыларға және ПК-ге қарау үшін қолжетімді болады. Бұл ретте осы сатып алуға қатысқан әлеуетті өнім берушілерге алдын ала қарау хаттамасына қолжетімділік қорытындылар хаттамасы жарияланғаннан кейін беріледі.

Тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді енгізбеген не оны тендерлік құжаттамада айқындалған талаптарды бұза отырып енгізген әлеуетті өнім берушілердің тендерлік өтінімдеріне енгізілген құжаттар мен мәліметтер қарауға жатпайды.

Өтінімдерінде сәйкессіздіктер анықталған әлеуетті өнім берушілер алдын ала қарау хаттамасына қол қойылғаннан кейін сатып алу веб-порталы арқылы өздерінің тендерлік өтінімдерінде анықталған сәйкессіздіктер туралы хабарламаны автоматты түрде алады.

Өтінімдерінде сәйкессіздіктер анықталған әлеуетті өнім берушілер анықталған сәйкессіздіктер туралы хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде анықталған сәйкессіздіктерді жою мақсатында тендерлік өтінімге толықтырулар және/немесе өзгерістер беруге құқылы. Бұл ретте, тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұсыну бойынша талап болған жағдайда, электрондық сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізбеген немесе оны тендерлік құжаттамада айқындалған талаптарды бұза отырып енгізген әлеуетті өнім берушілердің электрондық сатып алуға қатысуға өтінімдерді ұсынуға жол берілмейді.

Тендерлік өтінімге толықтырулар және/немесе өзгерістер ұсынған кезде әлеуетті өнім беруші анықталған сәйкессіздіктерді жою мақсатында жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігерлердің (қызметтер көрсету кезіндегі бірлесіп орындаушылардың) тізбесін, қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындауға) берілетін жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің көлемі мен түрлерін көрсете отырып, тендерге қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартуға құқылы.





980355

Әлеуетті өнім берушінің тендерлік өтініміне көрсетілген бағалау және салыстыру өлшемшарттарының өтінімге қолданылуын растайтын құжаттарды тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру бөлігінде өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

11.7. Тендерге қатысуға өтінішке толықтыруларды және/немесе өзгерістерді алдын ала қарау және беру рәсімінің қорытындылары бойынша тендерлік өтінімдерді қайта қарау өтінімге толықтырулар және/немесе өзгерістерді қабылдау үшін көзделген мерзім өткен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

11.8. Тендерлік комиссия әлеуетті өнім берушінің өтінімін мынадай жағдайларда қабылдамайды:

1) әлеуетті өнім беруші тауарды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің үздік шарттарын, сондай-ақ сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің үздік сипаттамаларын ұсынатын техникалық ерекшелікке сәйкес келмеген жағдайларды қоспағанда, электрондық сатып алуға қатысуға өтінім осы тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп танылған жағдайларда;

2) егер әлеуетті өнім беруші осы тендерге (лотка) қатысуға өтінім берген басқа әлеуетті өнім берушінің үлестес тұлғасы болып табылса;

3) әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы сатып алу үшін бөлінген сомадан асып кетсе;

4) әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын тендерлік комиссия демпингтік деп танығанда; Ұзақ мерзімді сатып алуды жүзеге асыру кезінде белгіленген тәртіппен бекітілген сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы бар құрылыс-монтаж жұмыстарын сатып алуды жүзеге асыруды қоспағанда, демпинг әрбір жыл бойынша жеке есептелінеді.

5) тәртіптің 31-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда.

Әлеуетті өнім берушілердің тендерлік өтінімдерін қабылдамау үшін көрсетілген негіздер түпкілікті болып табылады.

6) әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік органның, заңды не өзге де мүдделі тұлғаның уәкілетті өкілі қол қойған дәйексіз ақпарат ұсынғанын растайтын құжатқа сәйкес әлеуетті өнім берушінің тендерлік өтінімінде дәйексіз ақпарат беру фактісі анықталған немесе жеке тұлға қол қойған.

11.9. Қабылданбаған өтініштерді тендерлік комиссия осы тендерлік құжаттамада қамтылған критерийлерге сәйкес бағалайды және салыстырады. Бұл жағдайда әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысының жалпы / қорытынды бағасы бағалануға жатады. Тендер жеңімпазы мынадай міндетті критерийлерді қолдануды ескере отырып есептелген ең төмен шартты баға негізінде айқындалады:

№	Критерий	Бағаның шартты төмендеуі
1	Әлеуетті өнім беруші жеткізуге ұсынылатын тауардың тауар өндірушісі. Көрсетілген өлшем сатып алынатын тауарды тауар өндірушілер арасында сатып алу кезінде қолданылмайды.	-5%
2	Әлеуетті өнім берушіде сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында тиісті түпнұсқалармен немесе жүкқұжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерімен расталған соңғы 5 жыл ішінде сатып алынатын біртекті жұмыс тәжірибесінің (бағаның 3 жыл ішінде 1,5% - ға және әрбір келесі 1 жыл үшін 0,5% - ға шартты төмендеуі, бірақ 2,5% - дан аспайтын) болуы жеткізілген тауарларды, орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдау-беруді растайтын тиісті актілерді және шот-фактуралар (Қазақстан Республикасының заңына сәйкес қағаз жеткізгіште шот-фактураны жазып беру кезінде) немесе электрондық шот-фактуралар. Егер тендердің нысанасы жаңаларын салу, сондай-ақ қолданыстағы объектілерді кеңейту, техникалық қайта жарактандыру, жаңғырту, реконструкциялау, қалпына келтіру және күрделі жөндеу болған жағдайда, Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамаға сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау және объектілерді пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болады. Бір жылдан астам мерзімі бар шарттар бойынша жұмыс тәжірибесін есептеу кезінде орындалған жұмыстарды қабылдау актісіне және объектіні пайдалануға қабылдау актісіне сәйкес құрылыстың барлық кезеңі ескеріледі. Бұл ретте, осы тармақшаға сәйкес бағаны шартты төмендету сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер және біртекті сатып алынатын тауарлар бойынша Қордың және/немесе Қор ұйымдарының сатып алуларында мәлімделген жұмыс тәжірибесі шеңберінде шартты жеңілдік берілген шарттар бойынша жүзеге асырылмайды	3 жыл жұмыс тәжірибесі үшін - 1,5% және әрбір келесі 1 жыл үшін 0,5%, бірақ 2,5% артық емес%
3	Әлеуетті өнім берушінің веб-портал шарттарының дерекқорынан алынған ақпарат негізінде расталған, соңғы 5 жыл ішінде сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер және біртекті сатып алынатын тауарлар бойынша Қордың және/немесе Қор ұйымдарының сатып алуларында жұмыс тәжірибесінің (әрбір жыл үшін бағаның 0,5% - ға шартты төмендеуі, бірақ 2,5% - дан аспайтын) болуы сатып алу. Осы тармақшада көрсетілген шартты жеңілдікті растау үшін "жасалған" (сатып алу веб-порталында жеткізілген тауарлар/орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер туралы ақпарат болған кезде) және "орындалған" мәртебесімен шарттар қабылданады.	Әрбір жыл үшін бағаның 0,5% - ға шартты төмендеуі, бірақ 2,5% - дан артық





980355

		емес
4	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген құжат(тар) негізінде шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектісі мәртебесіне сәйкестігі	Бағаның 1% шартты төмендеуі

11.10. Әлеуетті жеткізуші бағаны шартты кемітуге әсер ететін өлшемшарттарды растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсынбаған жағдайда, тендерлік комиссия мұндай әлеуетті жеткізушіге шартты жеңілдікті қолданбайды, бұл ретте бағаны шартты кемітуге әсер ететін өлшемшарттарды растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсынбау мұндай өтінімді қабылдамауға негіз болып табылмайды.

11.11. Консорциумды электрондық сатып алуға қатысқан жағдайда тендерлік комиссияның бағаны шартты кемітуге әсер ететін әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін бағалау мен салыстырудың міндетті критерийлері оның қатысушыларының консорциалдық келісімімен айқындалған консорциумның бас қатысушысына ғана қолданылады.

12. Кемітуге сауда-саттық өткізу

12.1. Кемітуге арналған сауда-саттыққа кемітуге арналған сауда-саттықты қолдана отырып ашық тендер тәсілімен электрондық сатып алуға қатысуға өтінімдері қабылданбаған әлеуетті жеткізушілер жіберіледі.

12.2. Әлеуетті жеткізушілерді төмендету сауда-саттығына жіберу жүйеде рұқсат беру хаттамасы түрінде ресімделеді.

12.3 Кемітуге арналған сауда-саттыққа рұқсат беру рәсімінің қорытындылары туралы хаттамаға тендерлік комиссия мүшелерінің және оның хатшысының ЭЦҚ қойылады және жүйеде автоматты түрде жарияланады.

12.4. Төмендетуге арналған сауда-саттыққа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілер хаттамаға қол қойылғаннан кейін, төмендетуге арналған сауда-саттықты өткізудің негізгі уақытын, басталу және аяқталу күнін көрсете отырып, төмендетуге арналған сауда-саттықты өткізу туралы хабарламаны, мына жағдайларды қоспағанда, сатып алу веб-порталы арқылы автоматты түрде алады:

1) төмендетуге арналған сауда-саттықты қолдана отырып, ашық тендерге қатысуға екеуден кем өтінім ұсынылған жағдайда.

